

Жайлы мекен – Жалғызтал!

Бүгінгі нарықтық қоғамда халқының саны азайып, тұрмысы сәл бәсең тартқаны болмаса, Жалғызтал ауылы күні кеше еңбегі қайнаған, тіршілігі жайнаған еңселі елді мекендердің бірі болды. Сондықтан да, шөбі шүйгін, топырағы құнарлы, суы мол Жалғызтал ауылын жайлы мекен деуге толық негіз бар.

1963 жылдың наурыз айының басында, тың игеру тұсында Ковыльный кеңшары құрылған. Құтты мекен мал ұстауға да, егін егуге де қолайлы болып, өрісі төрт түлікке толып, алқабында жайқалып алтын астық өсті. Бұл жердің табиғаты да тылсымға толы. Бастауын бүгінгі Жалғызтал ауылынан 90 шақырымдай жердегі Желдіадыр тауынан алатын, басында Үлкен Терісаққан, Балатерісаққан аталатын қос сала болып ағатын өзеннің өз ерекшелігі бар. Яғни, әдетте өзендер шығыстан батысқа қарай ақса, бұл жердің суы оған қарама қарсы, теріс ағады. Сондықтан да Терісаққан өзені аталған екен.

Қайырдан қария сөйлесін

Қайырдан ЖИЕНБАЕВ ақсақал Жалғызтал ауылының, тұтас Терісаққан бойының тарихына қанық кісі. Себебі, жастайынан осы өңірге келіп еңбек етіп, кеңшардың қалыптасуына басынан атсалысқан кісі. «Менің ата бабам негізі Ұлытау жерінен. Аумалы – төкпелі заманда жан бағып Атбасар қаласына келген екен. 1940 жылы сол жерде мен туып-



пын. Әкем Көкшетаудың арғы жағында Степняк дейтін жерде алтын өндіретін шахтада жұмыс істеді. Сөйтіп жүргенде үлкендеріміз «бокситі мол, Қызылқозы аталатын геологтардың поселкасы ашылып жатыр екен, сонда барайық, елге жақындайық», - десті. Содан кім қолда бар ат – өгізін жегіп, жолай сиыр сауып, соны азық қылып, жүз шақырым жолды он шақты күн жүріп жеттік. Мен ол кезде он жастағы бала едім. Одан соң осы

жерден қазақша он сыныпты бітірдім. Сөйтіп, 1963 жылдың қысында Мұхамеджан Ешмұханбетов деген кісімен кездестім, ол кісі Жалғызтал ауылының алғашқы директоры болды. Мені жаңадан ашылғалы жатқан Ковыльный кеңшарына бірге барып, жұмыс жасауға шақырды», - деп еске алды өткенін қария.

Қайырдан Тұрсынбекұлы ол кезде қылшылдаған жас кезі. Мұнда келісімен әуелі қатардағы шопыр болған. Одан директордың көлігін жүргізді. Мұхамеджан Отарбайұлы зерек жігітті жақын тартып, ылғи жанынан тастамайды екен. Сөйтіп, партияға өтуге кеңес беріп, кейін қаржысын өзі төлеп көмек жасап, оңтүстіктегі екі жылдық директорлар оқуына жібереді. Мұнан соң техникумды да тәмамдапты. Дайын маман жұмыстан тартынбай, әуелі Жалғызтал ауылдық советінің төрағасы, одан соң Матросовта парторг, Ковыльный кеңшарының бас агрономы болып жемісті еңбек еткен.

Ауылды аяқтан тұрғызған азаматтар

Сөйтіп, жаңадан құрылған Ковыльный кеңшарында құрылыс қарқын алыпты. Дағыстаннан келген құрылысшылар бозала таңнан жұмысқа кірісіп, қара кешке дейін бел жазбай еңбек етеді екен. Нәтижесінде ауылда аз уақытта қатар – қатар үйлер сап түзеді. Үш жүзге тарта түтіні бар іргелі кеңшарда 5-6 мың бас ірі қара болған. Егіні де

бітік шығып, 1964 жылы мол өнім алғаны үшін кеңшардың алғашқы директоры Мұхамеджан Ешмұханбетов «Ленин» орденін кеудесіне таққан. Төлеубай Хасенов, Александр Бруннер, Рустем Оразалин, Кенжебек Сауытов, Қапсабыр Бейсенбаев, Нығметжан, Владимир Кригер, Құрманғазы Жанділдин сынды азаматтар ел тізгінін ұстаған кезде де кеңшардың ісі алға басқан. Мұнан бөлек, ауылдың дамуына сан саладан үлес қосқан бірқатар жандар бар. Іскендір Түскейұлы, Жаңабай, Майра Әбілғаппасовтар, Рахым, Кенжебай Әлімсейітовтер, Тәжмағамбет Оразалы, Сансызбай Кәрбайұлы, Шәймерден Ермекбайұлы, Омаш Ысқақұлы, Кенжалы Тоқтарұлы, Таспай Қасымов, Сұлтан Нұрпейісов, Темірхан Бейсекеев, Нұрхамит Тасмағамбетов, Қобыланды Құсайынов, Мәдіғали Әлпейісов, Қайырбек Сауытов, Сапарбай Қабжанов, Жұмаш, Сартай Әбілғазиндер, Қоныс Насреддинов, Кеңес Түлендинов, Тұйғын Шұрықбаева, Қостан Мұхамеджанов, Қаналы Тасмағамбетов, Сәндібек Жүнісов, Әбілқайыр, Әбілқасым Құрмашовтар, Болат Түсіпов, Нағашыбай Қабденов, Ысқақ Өткелбай сынды кісілердің еңбегі зор. Қайырдан қарияның айтуымен, ол кісілердің еңбегін ел біліп, ұрпақтары мақтан етуі үшін аты жөндерін жазуды ұйғардық.

Жалғызталдың негізгі аты - Қараоба

Қазіргі Жалғызтал ауылының тарихи атауы Қараоба екен. Қайырдан ЖИЕНБАЕВ ақсақалдың айтуынша ауылға жақын жерде (мың жылдық тарихы бар болуы мүмкін) сыры мәлім де беймәлім қараоба бар. 1970 жылдары Ә. Марғұланның өзі келіп қараобаны зерделеп көріп, қазылып, тоналған деп зерттемей кетіп қалыпты. Әйтсе де, ауылдан он бес шақырымдай жердегі ақ обаны қазып, алтын бесік тауыпты дегенді естідік дейді. Елді мекен әуелі жаңа айтқан тарихи орынға сәйкес, Қараоба болса, кейін Кеңшар құрылғанда Ковыльный, Тоқтар Әубәкіров ғарыштан оралғанда ғарышкердің атымен аталыпты. Десе де, бұл атау ресми бекітілмей, ауылға Жалғызтал атауы берілген. Бүгінгі Жалғызтал ауылынан алты шақырымдай жерде осылай аталған қойшылардың шағын ауылы болыпты. Жалғызтал атауы осыған байланысты қойылып кетсек керек.

Алпыс жылдық тарихы бар Жалғызтал ауылы бүгінде іргелі елді мекен болмаса да, көштен қалған емес. Тұрғындар ауыз-біршілікте түтін түдетіп отыр. Халқының саны азайғанымен, ауылдағы ағайынның болашақтан үміті зор. Ерінбей еңбек етіп, ертеңіне сеніммен қарайды. Уақытында мыңғырған малы, астыққа толы қамбасы болған, жақсы мен жайсандардың құтты мекені Жалғызталдың болашағы жарқын боларына біздің де сеніміміз кәміл. Алпыс жасың құтты болсын, жайлы мекен - Жалғызтал!

Материалдарды дайындаған Д. АМАНТАЙҰЛЫ